

Орталық және атқарушы органдардың көрсеткен қызметкерлері үшін төлемдер алуды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1745 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

Тұтынушылардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдарға (бұдан әрі - мемлекеттік органдарға) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделмеген қызмет көрсету үшін төлемақы алуға, сондай-ақ өздеріне жүктелген мемлекеттік функцияларды орындауды мемлекеттік емес нысандағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге беруіне тиым салынсын.

2. 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік органдар көрсеткен ақылы қызметтен түскен қаражат, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгедей көздемеген болса, республикалық немесе жергілікті бюджеттердің кірісіне есептелуі тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражаты бюджетке уақытылы аударылуын есепке алуды және бақылауды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1997 жылдың 15 қаңтарына дейін мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметке баға белгілеудің әдістемесін әзірлесін;

1997 жылдың 1 сәуіріне дейін:

мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер үшін төленетін ақының мөлшерін оларды орындауға жұмсалған шығындарға сүйеніп (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе) қайта қарасын;

көрсетілетін ақылы қызметтердің тізбесін, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес ақылы қызмет көрсететін мемлекеттік органдарды, сондай-ақ әрбір қызмет үшін төлем ақы мөлшерін атап көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Көрсетілген қызметтер үшін негізделмеген төлем ақы алуға жол берген, сондай-ақ оны белгіленген мөлшерден асырып алған мемлекеттік органдардың кінәлі адамдарын, тиісті ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай

отырып, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартуға шаралар қ а б ы л д а с ы н .

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және Қаржы министрлігінің келісімі бойынша 1997 жылдың 1 ақпанына дейін министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдар туралы ережелерге Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделмеген ақылы қызмет көрсету жөніндегі тармақтарын алып тастауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс тапсырсын.

5. Жергілікті атқарушы органдар өз шешімдерін осы қаулыға сәйкестендірсін.

6. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1997 жылдың 1 сәуіріне осы қаулының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат тапсырсын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы